

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ АТАУ СӨЗДЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қойбақова А.С.

эл –Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, шығыстану факультеті, қытайтану кафедрасының аға оқытушысы. Алматы қаласы, Қазақстан.

koibakova.aizhan@mail.ru

Ахметбек Г.

эл –Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, шығыстану факультеті, қытайтану кафедрасының аға оқытушысы. Алматы қаласы, Қазақстан

guljan1970@aliyun.com

Ертеден қалған «Аты анық болса заты қанық» болады деген себеп салдарлық байланысты білдіретін сөз бар. Мұнда айтылған қағида мынадай: мәселені талдамас бұрын, ең алдымен оның атауының білдіретін мағынасын дұрыс анықтап алған жөн. Алдымен атауының мағынасын айқындап алғанда ғана, талданатын мәселенің нысаны мен көлемін анықтап алуға болады. Сонда ғана мәселені түп -тамырына жеткізіп талдау жасауға болады. Ендеше, атау сөз (称谓语) дегеніміз не? Берілген мақалада қытай тіліндегі атау сөздерге берілген анықтамаларға тоқталып, оларға талдау жасалады. Сонымен қатар атау сөздердің қолданылу ерекшеліктері баяндалады.

Түйін сөздер: атау сөздер, термин, лингвомәдениет, апеллятив, лексикалық категория, референтивті атаулар, вокативтер.

А.С. Койбакова. Г. Ахметбек

ОБРАЩЕНИЯ В КИТАЙСКОМ ЯЗЫКЕ И ИХ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ

В этой статье рассматриваются обращения в китайском языке и их использования. А также дается разные определения на обращения и приводятся примеры.

Ключевые слова: обращения, термин, лингвокультурология, апеллятив, лексическая категория, референтивные обращения, вокативы.

A.S. Koybakova. G. Akhmetbek

ADDRESSES AND THEIR USING IN CHINESE LANGUAGES

This article discusses the addressees in Chinese and their using. And also seen some related treatment, which includes a age, sex and related feature and leading examples.

Keywords: addressees, linguoculture, appellative, lexical category, referentive terms, vocative.

Тіл пайда болғаннан бастап атау сөздер де болғаны хақ. Алайда, кейбір қытай ғалымдары бұл термин ең алғаш «Ши-цзи» атты Сыма Цянның еңбегінде кездеседі деген пікір айтады [1]. Демек бұл еңбектегі аталмыш термин адамдар қарым- қатынасына қатысты қолданылған және қазіргі кездегі беретін мағынасымен бірдей болып табылады. Алайда бұрынғылар «атау сөз» деген шын мәнінде не екені туралы толық анықтама бермеген. Бүгінгі таңда тіл ғылымының дамуына байланысты, бұл термин тіл зерттеушілерінің назарын өзіне аударды. Содан бастап, адамдар бұл терминге нақты анықтама беруге талпыныс жасады. Көптеген ғалымдар түрлі ойларын ортаға салып, әркім әр жаққа тартты. Алайда осы тартыстар бұл терминге нақты ғылыми анықтама беруге оң ықпалын жасап, өзіндік негіз қалады.

Төменде біз біршама ойға қонымды деп есептелінген қытай ғалымдарының бірнеше анықтамаларына талдау жасап, бұл терминге анықтама қалай берілетінін анықтап көрейік. Атап айтар бір жайт, кейбір белгілі туындылар мен ғылыми еңбектерде атау сөзді «қысқартып атау» деп берген, бізше, бұл екі термин ішкі мәні жағынан да, сыртқы тұлғалық жағынан да бірдей. Біздің «сөз» деген тағы бір сөзді қосуымызда мынадай екі түрлі себеп бар: бірінші, «атау» зат есім ғана емес, да етістік те болады. Мысалы, біз үнемі қолданып жүретін «Мына кісілерді қалай атасақ екен?» деген сөйлемде «атау» сөзі етістік болып тұр. Мағынасы жағынан да функциясы да мүлдем

басқаша, атау сөз тек қана зат есім болады. Екіншіден, атаулар жалаң және күрделі болып келеді. Жалаң атаулар сөз болса, күрделі атаулар сөз тіркесі болып табылады. Мысалы, «азаттық армиясы, әскери ағай, министр мырза, Ли Чияң мұғалім» қатарлылар [2]. «Атаусөздер» деген терминге барлық кең және тар мағынадағы атау тұлғадағы сөздерді қамтуға болады. Осы жоғарыда атап кеткен себептерге байланысты біз «атау сөз» терминін қолдануға алдық.

Атау сөздің анықтамасына байланысты төмендегідей бірнеше түрлі пікір бар. Бірінші пікір, кең және тар мағынасында айтылған атау сөздер. «Атау» деген осы бір сөздің өзі кең және тар мағынаны қамтиды. Кең мағынада барлық адам және заттардың атауы, ал тар мағынада тек қана адамдар арасында бір- бірін атауға қолданылатын ат-есімдерді көрсетеді. Біз кең мағынадағы атау сөздерді қарастырмаймыз, атаусөз зат, жануарлар атауына емес, негізінен адамға байланысты болуға тиіс деп есептейміз, атау сөздің басқа сөздерден басты ерекшеліктері де осы тұсында. Олай болмағанда атау сөздер мен басқа зат есімдердің айырмашылығы айқындалмай қалады. «Мұғалім» дегеніміз білім үйретіп адамдарды тәрбиелейтін адам; «жолдас» дегеніміз ойы бір арнаға тоғысатын пікірлес адамдар; «апай» - өз анасымен жасы қарайлас әйелді көрсетеді. Осы аталған үш сөз де атау сөз болып табылады. «Үстел», «машина», «ағын су» сынды сөздер адамды емес затты білдіреді, сондықтан, олардың барлығын атау сөз деп қарастыруға болмайды. Кейбір ерекше жағдайлар да болады, мысалы, кей ертегілер мен мысал әңгімелердің кейіпкерлері хайуанаттар не хайуанаттар арасындағы атауларға адамдарға қолданылатын атау сөздерді қолданғанын кездестіреміз. Мысалы, «сиыр атай, тауыс апай, көжек қарындас, қара мысық сақшы» т.б. [1]. Бұл сөздер стилистикалық жағынан адамдандыру тәсілімен қолданылған сөздер болып, атау сөздердің кең көлемденген бір бейнесі деп айтуға да болады. Егер тар мағынасында қарастырсақ даулы мәселе болары хақ. Себебі, біріншіден, мұнда атау сөздің ішкі мәні сақталынбаған, яғни атау сөзде бейнеленетін адамдар арасындағы қарым-қатынастық мәні жоқ. Атау сөздер ерекше тілдік белгілер болып табылады. Оларда өзге де сөздерде болатын нақты атап көрсету функциясынан басқа ерекше қасиеттері бар: мысалы, атау сөздер қарым-қатынастағы екі тұлғаның өзара байланысын айқындайды. «Жолдас» сөзі адамдар ара біркелкілік пен жақындықты көрсетеді, ал «мырза» сөзі алыс қарым-қатынастағы адамдар ара сыйластықты көрсетеді. Атау сөздер қарым-қатынастағы екі тұлғаның салауаты, жасы, кәсібі сынды көп жақтарын аңғартады. Сондай –ақ, сөйлеушінің ойын, сезімін, көзқарасында көрсетеді. Мысалы, «мұғалім» деген сөз сөйлеушінің қарсы тарапқа деген құрметін, «сұмырай» деген сөз жиіркенішін көрсетеді. Тар мағынадағы атау сөздердің бұларға еш қатысы жоқ, сондықтан бұл жалпылық жағдай емес[1].

Екіншіден, «адамдар арасындағы қарым-қатынастық атаулар», бұлар бір қарағанда атаудың шынайы мәнімен сай келмейді. Кей атау сөздер өзара қарым-қатынасты көрсете алады, әсіресе, жалпылама атау сөздер. Нақтырақ белгілі бір түр не бір атау сөзді жекелей қарастыратын болсақ, оның адамдар ара қарым-қатынастық атау көлемі мен дәрежесі бірдей болуы екіталай. Мысалы, «жолдас» деген сөзді кең көлемде қолдануға болады, ешқандай да жас, кәсіп, ер, әйелдік шектеуге ұшырамайды. Ал «бойжеткен» сөзі тек әйелдер арасында ғана, немесе ер адамдар әйелдерге қарата қолданады, ал керісінше қолданылуы тіпті мүмкін емес. «Дәрігер» сөзінің аясы тіпті тар, бар болғаны аурухана ауласында ғана қолданылады [4]. Енді бір атау сөздер бір бағытта, яғни, бір тарап екінші тарапқа қана қолданады, ал екінші тарап бірінші тарапты олай атай алмайды. Профессор - университеттерде жоғары дәрежелі маман атағы, ал профессор өзін профессор деп атаған өзге адамдарды осы атаумен атай алмайды. Осы себепті, егер біз атау сөздерді «адамдар арасындағы қарым –қатынастық атау» аясында қарастыратын болсақ, онда басым көптеген атау сөздерді назардан тыс қалдыратын боламыз.

Екінші пікір, бұл пікірде атау сөздер (称谓语) мен адамдарға қаратылған атау сөздер (称呼语) бір ұғым деп қарайды[1]. «Атау деген сөздің өзі адамдарды белгілі бір атпен атап айту деген мағынада, яғни, қоғамдық өмірде адамдардың өзін не басқаларды белгілі бір атпен атауын көрсетеді» [3]. Бұл екеуін мағыналас бір ұғым деп қарауға болмайды. Адамдық атау қарым-қатынас барысында бетпе- бет қолданылатын атау болып, бар болғаны жалпы атау сөздердің қолданылу түрлерінің бір бөлігі ғана болып табылады. Мысалы, адамдар кейде біреулерді бетіне «шешей», «мұғалім» деп атайды. Ал кей атау сөздер тек сырттай ғана атауға қолданылады.

Мысалы, «қарт әжей», «қарт атай» деген атауларды ешкім сол адамның бетіне атап айтпайтыны анық, дегенмен, мұндай атаулардың қолданыста барын ешкім де теріске шығара алмайды. Енді бір атаулар тек белгілі бір топқа ғана қолданылады. Мысалы, қызметкер, саудагер, т.б. мұндай атау сөздер (称谓语) тікелей де сырттай да қолданыла береді [3]. Тағы бір топ атау сөздердің қолданылатын нысаны қазіргі таңда жоқ, ол атаулар тек әдеби тілде ғана сақталып қалған, ал қазіргі қоғамдық өмірде қарым-қатынастық рөлін жойған болып адамдарға тікелей қолдану мүмкін емес, себебі, ол атаулардың нысаны бұл қоғамда өмір сүрмейді. Мысалы: әтек, канизак, т.б. Алайда бұл сөздер де атау сөздер екені шүбәсыз.

Жоғарыда біз атау сөздерді ешқандай да қоғамдық және тарихи сипатқа бөлмей, тұтастай қарастырып анықтама бердік. Төменде осы заманғы қытай тіліндегі атау сөздерге нақты қандай анықтама беруге болатынын жан-жақты қарастыратын боламыз. Ол үшін төмендегідей бірнеше түйінге назар аудару керек: біріншіден, қоғамдық сипаттағы атау сөздер. Осы заман қытай тіліндегі атау сөздер басым бөлігі қазіргі таңда қолданыстағы қытай тілін негізге алады. Тарихта болған, алайда қазіргі таңда қолданылыстан қалып қойған атау сөздерді қамтымайды, мысалы: «三公 (үш министірлік, 太監 (әтек), 举人 (орда емтиханын тапсырушы), 官人 (отағасы)» т.б. /1/. Ертеде бір мезгілдерде қолданыстан қалған, алайда қазіргі таңда қайта қолданысқа енген кейбір атау сөздер осы заманғы қытай тілінің құрамына енеді. Мысалы: «村长 (қыстақ бастығы), 太太 (бәйбіше), 经纪人 (жеңгетай)» т.б. екіншіден, жалпыға ортақ атау сөздер [1]. Жалпыға ортақ тіл дегеніміз ұқсас тайпа, ұқсас ұлыс, ұқсас ұлттар арасында барлығына жалпылама қолданылатын тіл болып, әдетте, бір ұлтқа ортақ тілді көрсетеді. Қазіргі таңдағы қытай ұлтына тән жалпылық тіл – ортақ тіл путунхуа (普通话) .

Осы заманғы қытай тіліндегі атау сөздер осы ортақ тіл көлемінде қарастырылуы тиіс. Кей атау сөздердің қайнар көздері жергілікті тіл болғанымен, кең таралғандықтан, олар да ортақ тіл аясында қарастырылады. Мысалы: 爹爹 (әке) атауы Қытайдың солтүстік өңірінде өте кең таралғандықтан, осы заманғы қытай тілі болып саналады. Енді бір атау сөздер тек белгілі бір көлемдегі аумақтарда ғана қолданылып, аз санды адамдарға ғана түсінікті болғандықтан, оларды осы заманғы қытай тілінің құрамына енгізуге әбден болады. Мысалы: 阿玛 атауы «әке» деген мағынаны білдіретін Манчжур ұлтының тілінен алынған, кейін келе солтүстік шығыс өңірін мекен еткен Хан ұлты да осы атауды қабылдап, әкесін 阿玛 деп атайтын болған, алайда бұл сөз басқа өңірде тұратын Хан ұлттарына түсініксіз, сондықтан да бұл атауды осы заманғы қытай тілінің сөздік қорына жатқызуға болмайды [4]. Сондай-ақ осы заманғы қытай тілі сөздік қорындағы атау сөздердің көлемін айқындауда атау сөздер қалыптасқан тұрақты қасиетке ие сөздер екеніне назар аудару керек. «Ұлы төңкерісші», «таяу замандық биология ғылымының маманы», «жоспарлы туу реформасының үздігі» сияқты белгілі бір дәуірде, белгілі бір жағдайда ғана қолданылатын кейбір көп буынды, күрделі атау сөздер бұған қосылмайды [5].

Қорытып айтқанда, атау сөздің (称谓语) қамтитын көлемі адамдық атаулардан (称呼语) кең, соңғысы тек адамдар арасында бетпе -бет тікелей атауға ғана қолданылатын атау сөздер болып табылады. Егер екеуін өзара теңестіріп қарастыратын болсақ, атау сөздік сипатқа ие қаншама атауларды назардан тыс қалып, кісілік атаудың (称呼语) бай да сан қырлы сипатын аша алмайтын боламыз. «Осы заманғы қытай тілі сөздігінде» бұл екі ұғымды бір-бірінен айырып, жеке-жеке түсініктеме берген. «Атау сөз» дегеніміз адамдар өзара туыстық не басқа да қарым-қатынастарға байланысты, салауаты, кәсібі т.б. негізінде жасалған атаулар [2]. Мысалы: әке, ұстаз, хатшы, т.б. кісілік атау дегеніміз адамдардың тікелей сөйлесуі барысында қолданылатын, сөйлесушілердің өзара байланысын білдіретін атаулар. Мысалы: жолдас, аға, т.б. Біз бұл сөздікте атау сөздерге нақты да ғылыми түрде анықтама берген деп есептейміз, сондықтан, бұл мақалада осы пікірді негізге аламыз. Ондағы басты себеп, біріншіден, бұл анықтамада екі ұғымның ұқсастығы мен айырмашылығын атап көрсетіп, олардың шынайы мәнін айқындап берген; екіншіден, екі ұғымның нысаны адам екенін анық көрсетумен қатар, атау сөздің нақты мәні мен қасиеттерін ашып береді, сонымен қатар, оның «туыстық және де басқа қарым-қатынастық байланысты» білдіретінін анықтап көрсетеді. Осы бір түсініктемелер өзге пікірлерде қарастырылмаған. Қорыта келе, біз «атау сөз» дегеніміз адамдардың қоғамдағы қарым-қатынасын

білдіру үшін қолданылатын, адамның салауаты, кәсібі, жыныс ерекшелігіне қарай жасалатын атаулар тобы деген анықтама береміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. 马宏基《称谓语》，新华出版社，1998 年版 Ма Хунзи. Қаратпа сөздер. Синхуа баспасы, 1998.154 б.
2. 刘孝存《姓名、属相、人生》，中国文联出版公司，1998 年版 Лю Сяоцун. Есім сөздер, жұлдызнамалық белгі, адам өмірі. ҚХР Вэнлянь баспа компаниясы, 1998. 78-79 б.
3. 扬存田《中国风俗概观》，北京大学出版社，1994 年版 Яң Цунтян. Қытайдың әдет ғұрыптары жайлы жалпы түсінік. Пекин университеті баспасы. - 1994. 144 б.
4. Ханзуша-Қазақша сөздік. Синзяң Халық баспасы.1987 ж. 96 б
5. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. // фил.ғыл.канд.дисс. Алматы, 1999. - 132 -136 бб.

References

1. Ma Hongji. Chengweiyu. Xinhua chubanshe. 1998 nianban.154 b.
2. Liu Xiaoxun. Xingming, shuxiang, rensheng. Zhongguo wenlianchubanshe , 1998 snianban.78-79 b.
3. Yang Xuntian. Zhongguo fengsu gaiguan. Beijing daxue chubanshe. 1994 nianban. 144 p.
4. Hanzusha-Qazaqsha sozdyk. Xinjiang Halyq Baspasy.1987 j. 96 b.
5. Aldasheva. A. Audarmatanu: linguistikalyk jane linguomadeny maseleler. Fil.gil.kand.diss. Almaty, 1999. - 132 -136 b.